

Темір аудандық білім бөлімі
«Балауса» бөбекжай- балабақшасы»

Бекітемін:

«Балауса» бөбекжай-балабақшасының
меңгерушісі: А.М. Жансәкешова



Келісемін:

Аудандық эксперттік
комиссия шешімі:



Бағдарлама
«Шебер қолдар»
Ересек «Ақгүл» тобы

Тәрбиешілері: Алчурина Кәмшат
Байдуашева Гүлзия

2025-2026 оқу жылы

Бағдарламаны құрастырушы: Алчурина .К.М **Байдуашева Г.Ж**

Педагогикалық кеңес отырысында:
«Шебер қолдар» атты бағдарламасы талқыланды.

«Балауса» бөбекжай- балабақшасының меңгерушісі

25 жыл
ның мергенушісі

(қалы)



The seal of the Ministry of Internal Affairs of the Republic of Kazakhstan is circular. It features a central emblem with a sunburst and a shield. The text around the emblem includes "ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ІШІНГІ СІЛІМІ" (Internal Affairs of the Republic of Kazakhstan) and "ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ, ЖЕҢІЛІК, ЖЕҢІЛІК, ЖЕҢІЛІК" (Education, Youth, Sports, and Physical Education of the Republic of Kazakhstan). The year "1992" is also visible.

Хаттама № 6 «29» кыркүйөк 2025 жыл

Сараптау комиссиясының төрағасы:

(қолы)

(аты-жөні)

**№49 мектеп-балабақша тәрбиешісі Қ.Аззатиеваның мектеп жасына дейінгі
балаларға арналған
«Сурет сабағында ТРИЗ-дік әдісті қолдану»
бағдарламасына**

Пікір

Қ.Аззатиева балабақшадағы жинақталған іс-тәжірибесіне сүйене отырып мектепке дейінгі ұйымдарда мектеп жасына дейінгі балалармен бейнелеу өнерінде ТРИЗ-дік әдіспен сурет салуды үйретуге арналған бағдарламасын құрған. Бағдарлама талапқа сай көркемделіп, балалардың жас шамасына байланысты құрылған. Ұсынылып отырған бағдарлама балалардың ойлау қабілетін, қиялын, шығармашылығын, эстетикалық талғамдарын дамытуға бағытталған.

Берілген бағдарламаның мақсаты мен міндеті балабақша балаларының жас ерекшеліктеріне сәйкес келеді.

Қ.Аззатиеваның бағдарламасы мектепке дейінгі ұйымдарда мектеп жасына дейінгі естияр, ересектер және мектепалды даярлық топтарының балаларымен жұмыс жасайтын тәрбиешілерге көмекші құрал ретінде ұсынылып отыр.

**Л. Құлтаева
ОКБА ҚДИ мектепке дейінгі
тәрбие бөлімінің әдіскері.**

Мақсаты:

Тәрбиелесудің бейнелесу өнері арқылы балалардың танымдық қабілеті дамиды. Көркемдік шығармашылығының дамуына түрткі болады. Бейнелерді салу арқылы балалардың эстетикалық талғамы: әсемдікті сезуі, қиялы дамиды. Іс әрекет нәтижесін көру арқылы қуанышты көңіл-күй пайда болады.

Міндеті:

шығармашылық қабілеттерінің ашылуына мүмкіндік тудызу. Балалардың Мемлекеттік стандарт талабына сай білім беру ТРИЗ элементтерін пайдаланып, көркемдік шығармашылығын дамыта отырып, әр баланың психологиялық ерекшеліктерін танып білу.

Бағдарлама бойынша күтілетін нәтижесі:

Шығармашылық қиялы, ұлттық мәдениеті дамиды.

Эстетика және этика, рухани сезімдері, көркемдік талғамы қалыптасады.

Айналадағы қоршаған ортаны таниды.

Табиғат пен баланың ішкі дүниесі үйлесім табады.

Түсінік хат

Бейнелеу оқу қызметінің негізгі бір түрі табиғи материалдардан, түрлі-түсті қағаздардан, пластикалық ыдыстардан, пенопластан әртүрлі бейне жасауда, баланың шығармашылық қабілетін дамытатын және қарапайым дағдыларын қалыптастыруға ықпал ететін, дүниені тану мен эстетикалық қабылдауын дамытатын бірден бір маңызды құрал болып табылады.

Мектепке дейінгі жастағы балалардың бейнелеу оқу қызметіне үйрету екі түрлі басты міндетті шешуді жоспарлайды:

- балалардың айнала коршаған ортаға, туған табиғатқа және өмірдегі болып жатқан оқиғаларға деген жағымды сезімдерін ояту;
- балалардың бейнелеу оқу қызметіне қатысты дағдысы мен шеберлігін қалыптастыру;

Бейнелеу өнеріне үйрену барысында мектепке дейінгі жастағы балалардың байқампаздығы, эстетикалық қабылдауы мен көңіл-күйі, көркемдік талғамы және шығармашылық қабілеті кемелдене түседі.

Бейнелеу оқу қызметінің түрленіп өтуі баланың жан-жақты тәрбиеленуіне ықпалын тигізеді. Соның бірі дәстүрден тыс әдістер-түрлі табиғи қалдық материалдармен, ермексазбен, түрлі-түсті қағаздармен, пластикалық ыдыстармен, пенопластармен түрлі бейне жасауға, оригами әдістерін пайдалану арқылы балаға аса қызықты болмақ. Осы мақсатта «Шебер қолдар» бағдарламасы Ақтөбе облысы №49 мектеп-балабақша тәрбиешісі Қ.Азатиеваның мектеп жасына дейінгі балаларға арналған ТРИЗ-дік әдістерді қолдану бағдарламасын басшылыққа ала отырып жасалынды. Ұсынылып отырған бағдарлама баланың ойлау қабілетін, шығармашылығын, эстетикалық талғамын дамытуға бағытталған. Бағдарлама талапқа сай көркемделіп, балалардың жас шамасына сай жасалынған.

«Шебер қолдар» атты бағдарлама 4-5 жастағы балаларға арналған.

Бағдарлама жылына 36-сағат, аптасына 1 рет болып белгіленді.

Шебер қолдар» бағдарламасының тақырыпты жоспары.

№	Тақырыбы	Сағат саны	Уақыты
1	Қағаздан не құрастырылады?	1	05.09.2025
2	«Мысық пен тышқан»	1	12.09.2025
3	«Саңырауқұлақ» оригами	1	19.09.2025
4	«Тасбақа»	1	26.09.2025
5	Пайдалануға жарамсыз материалдармен өз бетінше жұмыс	1	03.10.2025
6	«Досыма арналған альбом»	1	10.10.2025
7	Күзгі өнімдерді жинауға арналған себет.	1	17.10.2025
8	«Ит» Табиғи материалдармен жұмыс	1	24.10.2025
9	«Гүлдер қағаздан біріктіру»	1	31.10.2025.
10	«Жұлдызкүрт»	1	07.11.2025
11	«Кірпі»	1	14.11.2025
12	«Балық»	1	21.11.2025
13	«Шырпы қораптарынан машина жасау»	1	28.11.2025
14	«Сандықша»	1	05.12.2025
15	«Жол белгілері» табиғи материалдармен жұмыс	1	12.12.2025
16	«Рамкалар» жасау	1	19.12.2025
17	«Шырша»	1	26.12.2025
18	«Жаңа жылдық безендіру» түрлі-түсті қағаз	1	09.01.2026
19	«Аққала»	1	16.01.2026
20	«Қуыршақ театры»	1	23.01.2026
21	«Пингвин»	1	30.01.2026
22	Өз бетінше жұмыс	1	06.02.2026
23	«Үй»	1	13.02.2026
24	«Көңілді шеберхана»	1	20.02.2026
25	Аналарға сыйлық (құттықтау ашық хат)	1	27.02.2026
26	«Көбелек» табиғи материалдармен жұмыс	1	06.03.2026
27	«Қамшы өру» Шебер қолдар	1	13.03.2026
28	«Құстар ұясы» Шебер қолдар	1	20.03.2026
29	«Желкенді қайық»	1	27.03.2026
30	«Ұшак»	1	03.04.2026
31	Табиғи материалдармен жұмыс.	1	10.04.2026
32	«Үйрек» Оригами	1	17.04.2026
33	«Көгершін» Оригами	1	24.04.2026
34	«Мимоза» тармақшалары	1	08.05.2026
35	«Кеме» Оригами	1	15.05.2026
36	Шығармашылық көрме ұйымдастыру.	1	22.05.2026
Барлығы:		36 сағат.	

«Шебер қолдар» бағдарламасының тақырыптық жоспары

№	Тақырыбы:	Мақсаты:
1	Қағаздан не құрастырылады?	Балаларды қағаз түрлерімен, қасиетімен олардан не жасауға болатынымен таныстыру.
2	«Мысық пен тышқан»	Балаларды кепкен жапырақтармен ұқыпты, таза жұмыс жасауға жаттықтыру.
3	«Саңырауқұлақ» оригами	Қағаз, оның пайдалануы туралы түсінік беру. Шаршыны тең екіге және қиғашынан бүктеуге үйрету. Баланың ой-қиялын, кеңістікте орналастыра білу дағдысын дамыту.
4	«Тасбақа»	Балаларды пайдалануға жарамсыз заттармен: жаңғақ қабығы мен ермексазды біріктіріс отырып жұмыс жасауға жаттықтыру.
5	Пайдалануға жарамсыз материалдармен өз бетінше жұмыс	Қалдық заттардан ойыншықтар (тышқан) жасауды үйрету. Баланың ой қиялын дамыту. Шығармашылықпен әрекет етуге баулу. Бастаған ісін аяғына дейін жеткізе білуге дағдыландыру.
6	«Досыма арналған альбом»	Қағазбен жұмыс істеу дағдыларын жетілдіру. Тіктөртбұрышты қағазды тең екіге бүктеу және бір-біріне желімдеу тәсілдерін меңгерту. Альбомды әшекейлету арқылы көркемдік талғамдарын дамыту. Бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге тәрбиелеу.
7	Күзгі өнімдерді жинауға арналған себет.	Өз қолдарымен қағаздан ір-түрлі бұйымдар жасауға үйрету. Шаршы қағазды теңестіре, тігінен, көлденеңнен бүктеу дағдыларын жетілдіру. Сабаққа деген қызығушылықтарын арттыру.
8	«Ит» Табиғи материалдармен жұмыс	Жануарлардың бейнесіне сәйкес табиғи материалдар тандай алуға үйрену. Бастаған істерін аяқтауға дағдыландыру.
9	«Гүлдер қағаздан біріктіру»	Өз қолдарымен қағаздан әр түрлі гүлдер жасауға үйрету. Шаршы қағазды теңестіре, тігінен, көлденеңнен бүктеу дағдыларын жетілдіру.
10	«Жұлдызқұрт»	Балаларға жер жаңғақты, ағаш жапырағын, бояуларды пайдаланып, жұмыс жасауға үйрету.
11	«Кірпі»	Балаларды пайдалануға жарамсыз заттармен: шиішкәлар мен ермексазды біріктіре отырып жұмыс жасауға жаттықтыру.
12	«Балық»	Балаларды қағазды екі бүктеп, арнайы сызылған жолдармен пішінді қиып алуға үйрету.
13	«Шырпы қораптарынан машина жасау»	Пайдалануға жарамсыз заттардан машина жасауды үйрету. Баланың ой-қиялын дамыту, шығармашылықпен әрекет етуге баулу, бастаған істерін аяғына дейін жеткізе білуге дағдыландыру.
14	«Сандықша»	Пайдалануға жарамсыз заттардан, қорапшалардан сандықша жасап, әшекейлеуге үйрету.
15	«Жол белгілері» табиғи материалдармен жұмыс	Балалардың құрастыруға деген қызығушылықтарын арттыра отырып, ой-қиялдары мен шығармашылықтарын дамыту және алдарына мақсат қоя білуге үйрету.
16	«Рамкалар» жасау	Балаларға жарамсыз заттарды, дәндерді рамаға ұқыпты жапсыра білуге жаттықтыру.
17	«Шырша»	Пайдалануға жарамсыз заттардан шырша жасауға үйрету. Баланың ой-қиялын дамыту,

		шығармашылықпен әрекет етуге баулу, бастаған істерін аяғына дейін жеткізе білуге дағдыландыру.
18	«Жаңа жылдық безендіру» түрлі-түсті қағаз	Қағаз, желім, қайшымен жұмыс істеу дағдыларын бекіту. Қиылған дайын үлгі қалыптар бойынша пішінді қиып, бір-біріне таза, ұқыпты желімдеуге үйрету. Бір-біріне қуаныш сыйлауға жұмылдыру.
19	«Аққала»	Балаларға қағазды умаждау арқылы домалатып, бір-біріне желімдеп, аққала жасау.
20	«Қуыршақ театры»	Пайдалануға жарамсыз заттардан ойыншықтар жасауды үйрету. Баланың ой-қиялын дамыту, шығармашылықпен әрекет етуге баулу, бастаған істерін аяғына дейін жеткізе білуге дағдыландыру.
21	«Пингвин»	Балаларға пластикалық бөтелке мен ермексаздан пингвин жасауды үйрету.
22	Өз бетінше жұмыс	Балалардың өз қалауы бойынша жұмыс жасау.
23	«Үй»	Балаларға пластикалық ыдыстардан, пенопластан әр түрлі заттар жасауға үйрету
24	«Көңілді шеберхана»	Қағаздан әр түрлі ойыншық жасау тәсілдерін үйретуді жалғастыру. Дөңгелектеу арқылы конус жасауға үйрету. Дайын жұмыстарды өздері бағалай алуға үйрену.
25	Аналарға сыйлық (құттықтау ашық хат)	Қалың қағаз бетіне жұмсақ мочалканы (губка) алма пішініне ұқсатып қиып, желімдеп, бетіне ине қадағыш жасау.
26	«Көбелек» табиғи материалдармен жұмыс	Балаларды табиғи материалдармен таныстыру. Жұмыс істеудің алғашқы дағдыларын қалыптастыру. Ойыншық жасау барысында дене бөліктерін салыстыра білуге үйрету. Әдемілікке баулу
27	«Қамшы өру» Шебер қолдар	Әр түсті үш жіпті өруді және оның ұштарын бекітіп, таяқшаға байлауды үйрету. Өз қолдарымен бұйым жасауға деген қызығушылықтарын арттыру. Еңбек нәтижесіне жетуге тәрбиелеу.
28	«Құстар ұясы» Шебер қолдар	Балаларға пластикалық ыдыстан ұя жасауды үйрету.
29	«Желкенді қайық»	Жаңғақ қабығына ермексазды толтыра отырып, дайын таяқша жапырақты қадап бекіту.
30	«Ұшак»	Балаларды қағазды бекітудің қарапайым әдістермен таныстыруды жалғастыру. Бүктеу кезінде қарама-қарсы қабырғалары мен бұрыштарына сәйкес келуін қадағалап отыруға үйрету.
31	Табиғи материалдармен жұмыс.	Балалардың өз қалаулары бойынша жұмыс жасау.
32	«Үйрек» Оригами	Саусақ бұлшық еттерін және баланың ой-қиялын дамыту; Қағазды әр түрлі әдіспен бүктеуге жаттықтыру.
33	«Көгершін» Оригами	Қағазбен жұмыс істеудің әр түрлі тәсілдерін үйретуді жалғастыру; Саусақ бұлшық еттерін жетілдіру.
34	«Мимоза» тармақшалары	Дөңгелек түрдегі заттарды қия білуге, бөліктерден құрастыра білуге үйрету. Саусақтарының бұлшық еттерін жетілдіру
35	«Кеме» Оригами	Балаларды қағаздан бұйымдар жасауға үйретуді жалғастыру. Қағазды бүктеу, жазу арқылы саусақтарды әр түрлі ұсақ қимылдарды жасауға үйрету. Балалардың байқағыштығын, зейінін дамыту.
36	Шығармашылық көрме ұйымдастыру.	Балалардың жыл бойы жасаған жұмыстарынан көрме ұйымдастыру.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мектепке дейінгі кіші жастағы балаларды тәрбиелеу мен оқытуға арналған «Зерек бала» бағдарламасы
2. Ортаңғы топқа арналған «Балақай» бағдарламасы
3. З.В.Лиштван
Конструирование
4. Т.С.Комарова
Занятия по изобразительной деятельности в детском саду
Москва «Просвещение» -1991
5. Р.С.Буре, Г.Н.Година
Учите детей трудиться
Москва «Просвещение» -1981
6. Ғаламтордан алынған материалдар